

Ерейментау қаласының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № а-8/419 қаулысы және Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 тамыздағы № 5С-40/6-15 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қыркүйекте № 4992 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына, тұрғындардың пікірлерін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2015 жылдың 22 шілдесіндегі қорытындысына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ерейментау қаласының Валериан Куйбышев көшесі Әлихан Барлыбаев көшесіне қ а й т а а т а л с ы н .

2. Осы қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданы әкімі

Е.Нұғыманов

сессиясының төрағасы

Д.Иманбалинова

мәслихатының хатшысы

Қ.Махметов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

Е р е й м е н т а у а у д а н д ы қ